



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы сәуір

2023 жылғы сәуірде жылдық инфляция 16,8%-ды құрады (наурызда – 18,1%). Азық-түлік тауарлардың бағасы өсуі бір жылда 17,9%-ға дейін (наурызда – 20,5%) баяулады, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы өсуі 18,2%-ға дейін (наурызда – 18,1%) жеделдеді, ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы өсуі 13,7%-ға дейін (наурызда – 14,4%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді. Жылдық инфляция 12 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (19,1%), Солтүстік Қазақстан (17,9%) және Павлодар (17,8) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 сәуір – 2023 сәуір), %-бен

Маңғыстау	13,9	19,1	Қарағанды	13,5	16,9
Солтүстік Қазақстан	12,7	17,9	Қостанай	12,6	16,9
Павлодар	12,5	17,8	Қызылорда	12,4	16,8
Жетісу		17,7	Қазақстан Республикасы	13,2	16,8
Ақмола	13,8	17,6	Шығыс Қазақстан	13,7	16,7
Астана қ.	14,0	17,6	Абай		16,4
Батыс Қазақстан	12,2	17,6	Алматы қ.	13,2	16,4
Ұлытау		17,5	Алматы	12,4	16,0
Ақтөбе	13,5	17,0	Шымкент қ.	12,5	16,0
Атырау	12,0	16,9	Жамбыл	13,2	15,7
			Түркістан	15,5	15,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша деңгейден (17,9% ж/ж) жоғары Маңғыстау (22,6%), Батыс Қазақстан (19,8%), Қызылорда (19,7%), Атырау (19,3%), Жетісу (19,1%), Павлодар (18,9%), Алматы, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Шымкент қаласында (18,5%-дан), Астана қаласы мен Абай облысында (18,3%-дан), Қостанай (18,2%) мен Қарағанды (18,1%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (18,2% ж/ж) жоғары Астана қаласында (26,4%), Шығыс Қазақстан (20,0%), Солтүстік Қазақстан (19,6%), Жетісу (19,1%), Абай мен Ұлытау (18,4%-дан) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы 13,7%-ға дейін ж/ж баяулады, бұл ретте мәндер Ақмола (17,6%), Ұлытау (17,3%), Маңғыстау (16,5%), Павлодар (16,2%) облыстарында, Алматы қаласында (16,0%), Солтүстік Қазақстан (15,3%), Ақтөбе (15,2%), Батыс Қазақстан (14,8%), Қостанай (14,6%), Қарағанды (14,5%), Түркістан (14,4%) және Жетісу (13,8%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	17,9	18,2	13,7
Ақмола	17,9	17,4	17,6
Ақтөбе	17,7	17,3	15,2
Алматы	18,5	16,2	11,8
Атырау	19,3	17,0	12,3
Батыс Қазақстан	19,8	16,9	14,8
Жамбыл	16,7	17,7	11,6
Қарағанды	18,1	17,7	14,5
Қостанай	18,2	17,4	14,6
Қызылорда	19,7	16,9	11,9
Маңғыстау	22,6	16,4	16,5
Павлодар	18,9	17,7	16,2
Солтүстік Қазақстан	18,5	19,6	15,3
Түркістан	15,8	17,3	14,4
Шығыс Қазақстан	17,0	20,0	12,8
Астана қ.	18,3	26,4	9,8
Алматы қ.	16,5	17,3	16,0
Шымкент қ.	18,5	17,9	10,5
Абай	18,3	18,4	11,2
Жетісу	19,1	19,1	13,8
Ұлытау	17,2	18,4	17,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы сәуірде елдегі айлық инфляция 0,9%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәннен (2017-2021 жылдардағы сәуірде 0,6%) жоғары. Астана мен Шымкент қалаларын, сондай-ақ Қарағанды облысын қоспағанда, барлық өңірде 2023 жылғы сәуірде бағаның өсуі орташа тарихи мәнінен жоғары болып тіркелді. Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында баға өсуі орташа тарихи мәнін сақтады. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Абай және Ұлытау облыстарында (1,4%-дан) байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы сәуірдегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы сәуірдегі орташа мәні	2023 жылғы сәуір	Өңірлер	5 жылғы сәуірдегі орташа мәні	2023 жылғы сәуір
Қазақстан Республикасы	0,6	0,9	Алматы	0,6	0,8
Абай	-	1,4	Солтүстік Қазақстан	0,6	0,8
Ұлытау	-	1,4	Ақтөбе	0,4	0,7
Батыс Қазақстан	0,5	1,2	Жамбыл	0,6	0,7
Павлодар	0,5	1,2	Қарағанды	0,8	0,7
Түркістан	0,5	1,2	Қостанай	0,7	0,7
Жетісу	-	1,1	Қызылорда	0,7	0,7
Алматы қ.	0,7	1,0	Маңғыстау	0,7	0,7
Ақмола	0,6	0,9	Шымкент қ. ¹	0,9	0,7
Атырау	0,7	0,9	Астана қ.	0,7	0,5
Шығыс Қазақстан	0,5	0,9			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән